

«XI–XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті: әдістеме, тәжірибе» шығармашылық шеберханасының I отырысы

2025 жылғы 21 қараша күні Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен №31 қазақ орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Г.Т.Калкаманованың жетекшілігімен «XI–XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті: әдістеме, тәжірибе» облыстық шығармашылық шеберханасының I отырысы өтті.

Шеберхананың теориялық бөлімі «Қазақстан бейнесі ортағасырлық Еуропа карталарында: аңыз бен ақиқат» тақырыбына арналды. Қатысушылар «Nomad» тарихи-галереясында сақталған ортағасырлық еуропалық және америкалық карталармен, этнографиялық этюдтермен танысып, тарихи карталардағы Қазақстан бейнесінің берілу ерекшеліктеріне назар аударды.

Практикалық бөлімде шеберханаға қатысушылар «Жеке коллекциялар мен халықаралық академиялық мұрағаттарды зерттеу алгоритмі» және «Халықаралық тарихи карталармен жұмыс: талдау және түсіну қабілетін дамыту» тақырыптарында тәжірибелік жұмыстар орындады. Тарихи карталарды дереккөз ретінде қарастыру, ақпаратты салыстыру, картографиялық материалдарды талдау және тарихи мәліметтерді жүйелеу бағытында әдістемелік тәсілдер қарастырылды.

Отырыс барысында педагогтер тарихи карталардағы оқушылардың зерттеушілік, талдау және сыни ойлау дағдыларын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін саралап, өзара тәжірибе алмасты.

Шара соңында қатысушылардың пікірлері тыңдалып, алдағы отырыстардың мазмұны мен жұмыс бағыттары нақтыланды.

Шығармашылық шеберхана тарихи карталарды зерттеу, дерекпен жұмыс жасау және оны сабақ үдерісінде тиімді қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған кәсіби алаң ретінде өз жұмысын жалғастырады.

«XI–XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті: әдістеме, тәжірибе» шығармашылық шеберханасының II отырысы

2026 жылғы 26 қаңтар күні №31 қазақ орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Г.Т.Калкаманованың жетекшілігімен «XI–XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті: әдістеме, тәжірибе» шығармашылық шеберханасының II отырысы ZOOM платформасында өтті.


Отырыстың теориялық бөлімінде шеберхана мүшелеріне «XY–XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы қазақ мемлекеті» авторлық курстың жобасы таныстырылды.

Шеберхана барысында «Lesson Redesign Lab» – «Сабақты жаңғырту зертханасы» форматында жұмыс ұйымдастырылып, шетелдік карталарды мектеп жағдайына тиімді бейімдеудің әдіс-тәсілдері көрсетілді.

7-сыныпта «Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы» тақырыбында видеоүзінді қамтылған панорамалық сабақ үлгісі ұсынылды. Ал 10-сыныпта «1638 ж. Нидерланд дүниежүзілік картасындағы Қазақ жерлері» тақырыбы негізінде шеберхана қатысушылары топтарға бөлініп, практикалық тапсырмаларды орындады.

Қолданылған әдіс-тәсілдер негізінде шетелдік әдіснамада тарихи құжаттармен жұмыс жасауға арналған «HIPPO», «OPTIC» әдістерін, сондай-ақ терминдермен жұмыс жасауда «Фрейер моделі» арқылы тапсырмаларды орындау мүмкіндіктері талқыланды.

Отырыс соңында қатысушылардың ой-пікірлері сараланып, алдағы кездесулердің негізгі бағыттары нақтыланып, тәжірибелік ізденістерді жалғастырудың басым бағыттары айқындалды.



«XVIII–XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті: әдістеме, тәжірибе» шығармашылық шеберханасының кезекті отырысы

Ақтөбе қаласы №31 қазақ орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Гүлдіана Толыбаевна Калкаманова шығармашылық шеберханасында шетелдік тарихи карталарды мектеп тәжірибесіне тиімді икемдеу жолдарын таныстырып, қатысушылар арасында мазмұнды талқылау жүргізді.

Шеберхана мүшелері оқушылардың ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру және дамыту, цифрлық платформалар мен заманауи құралдарды сабақ барысында тиімді пайдалану, тәжірибе алмасу және әдістемелік ізденістерді жетілдіру бағыттары бойынша өз ойларымен бөлісті.

Шара барысында қатысушылар өз білімдерін тереңдетіп, жаңа идеялармен танысып, кәсіби қарым-қатынастан пайдалы тәжірибе алғандарын жеткізді.

Шығармашылық шеберхана – әдістеме мен ізденісті ұштастырып, педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететін маңызды алаң екенін көрсетті.

«XI–XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті: әдістеме, тәжірибе» шығармашылық шеберханасының қорытынды отырысы

Ақтөбе қаласы №31 қазақ орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Калкаманова Гүлдана Толыбаевнаның жетекшілігімен «XI-XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті: әдістеме, тәжірибе» шығармашылық шеберханасының IV отырысы өтті.

Шеберхана жұмысы тарихи танымды кеңейтіп, Қазақ мемлекетінің әлемдік карталардағы бейнесін кешенді түрде талдауға және оны оқу үдерісінде тиімді қолдану жолдарын айқындауға бағытталды.

Қорытынды отырыста зерттеу нәтижелері талқыланып, картографиялық деректерді талдау әдістері сараланды. Қатысушылар тәжірибе алмасу арқылы креативті идеяларымен бөлісіп, өз тұжырымдарын ұсынды.